

«Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» (Конституцияның 13-бабы 2-бөлімі) деген мәтінмен берілген.

Одан әрі «Соттар және сот төрелігі» деп аталатын VII бөлімінде (Конституцияның 77-бабы 3-бөлімі 3-тармақшасы) «Өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды» деп көрсетілген. Жоғарыда келтірілген екі конституциялық ереже өзгертілмеген күйде ҚР ҚІЖК 12-бабының 1 және 2 бөліміне сәйкес өзгеріссіз бекітілген;

- Меншікке қол сұқпаушылық. Конституцияның 26-бабы 3-бөлімімен көрсетілген: «Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды». Осы ереже мәтіні тұспа-тұс ҚР ҚІЖК 18-бабының 1-бөлімінде бекітілген;

- Сот төрелігінің заң және сот алдында теңдігі бастауында жүзеге асыру.

«Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деген Конституциялық ереже өзінің мәтіндік көрінісінде ҚР ҚІЖК 21-бабының 2-бөлімімен көрініс тапқан.

Осылайша, сот билігінің қызметі әр кезде де конституциялық реттеудің аса маңызды саласы және құқықтық мемлекетті қалыптастыруға «белсенді» қатысушысы болып табылады. Ол мемлекеттік биліктің үш тармаққа бөліну қағидасын жүзеге асыруға негізделі отырып, өзін солардың бірі ретінде ізгілік, әділеттілік, заңдылық сияқты адам үшін ең басты болып табылатын сот төрелігі қағидаларын жүзеге асыруды әрқашан да өзіне мақсат етіп қоюы қажет.

Міне, осылайша, жаңа тұрпатты сот жүйесін құру жөніндегі міндет бүгінгі таңда өз шешімін тауып, сот органдары елімізде заңдылық пен тәртіпті нығайту бағытында ауқымды жұмыстарды жүзеге асыруда.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы, Жеті жарғы, 2005. – 44 б.

2. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №132 Конституциялық заңы "Егеменді Қазақстан" 2000 жылғы 30 желтоқсан №333-334.

В данной статье рассматриваются сравнительный анализ конституционно-правовых аспектов судебной системы в Казахстане по Конституции 1995 года.

Н.Е. Ермаханбет

ӘКІМШІЛІК БАҚЫЛАУДЫҢ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мемлекеттің ішкі саясатын тиісті деңгейде жүзеге асыруда заманауи бағыттарды кешенді түрде дамытуда ерекше саяси-құқықтық институт бұл мемлекеттік бақылау мен қадағалау бола отырып, мемлекеттік құрылымды, ең алдымен, оның әлеуметтік-экономикалық және саяси негізін қамтамасыз ететін тиісті фактор болып келеді. Елімізде жүргізіліп жатқан реформаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуде мемлекеттік бақылау мен қадағалау маңызды қызмет болып табылады.

Энциклопедиялық әдебиеттер бақылау сөзін келесідей мазмұнда құруға мүмкіндік береді. В. Даль оны тіркеу, шеттеу тексеру, есеп беру деп түсіндіреді [1]. С.И. Ожегов В. Дальге керісінше – бақылауды тексеру жүргізумен немесе тексеру мақсатын сақтаумен байланыстырады [2]. Алайда заң басылымдар қарастырылып отырған түсініктерді келесідей мазмұндайды.

Біздің ойымызша, бақылауды екі бағытта, яғни басқарудың жалпы қызметі ретінде және әкімшілік-құқықтық реттеу саласында мемлекеттік тәртіпті және заңдылықты қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-құқықтық құрал ретінде айтуға болады.

Бақылау қызметі – басқарудың жалпы функциясы ретінде оны әрбір шешіммен байланыстырмай, шарттылық, даралық, мағынасы бойынша бір тектес және ерекше мақсаттылыққа ие қызмет түрі ретінде және олардың негізгі мақсатына қарамастан басқару органдарының барлығына тән болып келеді.

Басқарудың мәні мемлекеттік басқару сферасында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бекіту және нақты іске асыруды қамтамасыз ету.

Мемлекеттік тәртіп – мемлекеттің және оның өкілетті органдарының тәртібі, ол бойынша барлық мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар өздеріне жүктелген мақсаттар мен міндеттерді дер кезінде және дәл орындауға тиіс. Заңдылық пен тәртіпті қолдау және нығайту міндеті жүктелген мемлекеттік органдардың ерекше жүйесі әрекет етеді. Заңдылық пен тәртіпті жүзеге асыратын әр түрлі құқықтық және ұйымдық қызметтерінің

түрлері мен әдістері, қолданатын практикалық амал-тәсілдері, операциялары, жұмыс түрлері заңдылықты қамтамасыз ету тәсілдері деп аталады.

Бақылау – бұл объектілердің белгіленген көрсеткіштерден (параметрлардан) ауытқуларын жою мақсатында оның қызмет ету процесін байқау және тексеру жүйесі.

Атқарушы билік аясындағы бақылаудың мәні осыған өкілетті органның ұйымдық-құқықтық тәсілдерді және құралдарды пайдалана отырып атқарушы билік органның немесе лауазымды тұлғаның қызметінде заңдылықтан қандай да бір ауытқулар бар немесе жоқ екендігін айқындайды, ал егерде қандай да ауытқулар болса, онда оларды өз уақытында жояды, бұзылған құқықтарды қалпына келтіреді, жауапкершілікке тартады, заңдылықты және тәртіпті бұзудың алдын алуға шаралар қолданылады.

В.М. Горшеневаның ойы бойынша қадағалау бір жағынан мемлекеттік басқарудың ажырамас бөлігі, түрлі әрекеттің құрамдас бөлігі, ал басқа жағынан қарасақ – дербес функционалдық қызмет [3]. Әлеуметтік басқару қызметі ретінде объективті бақылау өте қажет. Ол басқару процесін қалыптасқан мінсіз пішін бойынша бағыттап отырып, бақылаудағы объектінің әрекетін түзейді. Бақылаудың – маңызы басқару субъектісімен тіркеу және тексеру жүргізуде, оның берген тапсырмасын басқарудағы объектінің орындауы. Басқару ғылымының тұрғысынан бұл қызметтің негізгі мақсаты – басқару объектісінің басқару бағдарламасымен тапсырылған қызметтен бас тартуына тыйым қою, ал қателіктер анықталған жағдайда барлық әлеуметтік реттеушілердің көмегімен басқару жүйесін тұрақты жағдайға келтіру. Әлеуметтік басқару және бақылау бір-бірімен тығыз байланысты. Олар айтарлықтай дара институттар болса да, бір-бірімен әрекеттесе отырып тұрақты бір жүйе құрайды.

М.С. Студеникина бақылауды: «ақпараттардың негізгі қайнар көздерінің бірі, кадрларды зерттеудің қажетті жағдайлары, олардың тәртібін нығайту, қателіктерді түзету және алдыңғы тәжірибені біріктіру» - деп түсіндіреді [4].

Қоғамдық қарым-қатынастарды бақылау қызметін ғылыми ұйымдастырмау ойға да сыйымсыз. Мұндай ұйымдастырушылық арнайы басқару субъектісінің анықталған мүмкіндіктері мен олардың қызметтеріне нақты бекітілген функцияның болуын болжамдайды. Ғылыми әдебиеттерде әдеттегідей функцияның үш түрін бөліп көрсетеді. Олар: жалпы, арнайы және қамтамасыз етуші. Бұлардың барлығы басқару органдарына тиесілі әрі басқару процесінің ажырамас тетігі болып келеді. Сонымен қатар, жалпы басқару функциясы кезкелген басқару органы үшін өзгермейтін жиынтығы болса, ал арнайы функция жеке-дара бақылау органы қызметінің ерекшелігін тікелей бейнелейді.

Жалпы басқарудың функциялары бірлесіп басқару циклын құрайды, оның ішіне кезкелген басқару қызметінің алгоритмі де қосылады: тіркеу, талдау, болжау, жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу және бақылау. Бақылау қызметі алгоритмдік тізбекте тек аяқтаушы қызмет болып табылмайды, аталғандардың әрқайсысының орындалуында өзін жүзеге асырып отырады. Бұл басқару процесінің тұтастығында жан-жақты ұйымдастырушылық құрал болып, оның басқа функциясымен байланыстыратын буынға айналады. Кей авторлар бізбен аталған басқарудың жалпы функцияларын басқару процесінің үздіксіз бір-бірін ауыстырып отыратын сатылар деп атауға болады.

Бақылау – бұл белгіленген мөлшердегі шектерден ауытқуды жою мақсатында қызмет ету процесін бақылау және тексеру жүйесі. Атқарушы билік органдарының қызметіне бақылау жасаудың мәні – ол осыған өкілетті мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар – ұйымдық-құқықтық тәсілдер мен құралдарды пайдаланып бақылаудағы атқарушы билік органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының қызметтерінде заңдылықтан қандай да болмасын ауытқулар жіберілді ме, соны анықтайды.

Егер осындай қателіктер болса, соны өз уақытында жойып, осы кезде бұзылған құқықтарды орнына келтіріп, кінәлілерді жауапкершілікке тартады, заңдылықты және тәртіпті бұзуды болдырмауға шаралар қабылдайды. Бақылауды мемлекеттік билік органдары, жалпы салалық және салааралық құзырлы мемлекеттік басқару органдары, сот органдары қолданады.

Оған қоса әкімшілік қадағалау – мемлекеттік басқаруда заңдылықты қамтамасыз етудің арнайы тәсілдерінің бірі. Әкімшілік қадағалау - атқарушы биліктің қарамағындағы ұжымдық және жеке субъектілердің құқық нормаларын сақтау үшін жүргізетін бақылау.

Әкімшілік қадағалаудың мән-маңызы – ол басқару аясында әрекет ететін заңдарда және заң күшіндегі актілерде бекітілген арнайы ережелер мен талаптардың орындалуын байқау, бақылау. Мысалы бұл – жол жүру ережелерін, қауіпсіздік ережелерін, сауда, санитарлық, табиғатты қорғау нормаларын орындалуын қадағалау.

Әкімшілік қадағалау атқарушы билік органдарын, кәсіпорын, мекеме, ұйым, қоғамдық бірлестіктер, азаматтарға қатысты жүргізіледі. Оны арнайы органдар жүзеге асырады. Көптеген ведомстволарда арнайы қадағалау қызметтері бар және олар мемлекеттік инспекциялар деп аталады.

Мемлекеттік инспекция – жеке және заңды тұлғалардың нақты ережелерді сақтау үшін қадағалау жүргізетін арнайы мемлекеттік органдар. Сонымен қатар салықты және бюджетке міндетті түрде төлемдерді төлеу үшін бақылау жасайды, таулы жерде жұмыс жүргізу мен атомдық өндірістерде қауіпсіздікті бақылайтын, энергетикалық қондырғылардың қауіпсіздігі үшін, қалаларда архитектуралық стильдерді сақтау үшін бақылау жүргізетін инспекциялар бар.

Мемлекеттік инспекцияларға функционалды билік және барлық органдардың үстінен қарайтын өкілеттіліктер берілген, соның ішінде ПО тәртіп бұзушыларға әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану құзыреті де көзделген.

Арнайы қадағалау ведомстволары Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағынады, ведомстволық қызметтер – сәйкес арнайы құзыры бар орталық органдарға бағынады.

Сонымен, әкімшілік қадағалаудың ерекшелігі қадағалау субъектісі мен объектісінің арасында бағыныштылық жоқ және нақты жағдайда қадағалау объектісіне қадағалау субъектісі әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдана алады.

Осылайша, әкімшілік бақылау мен қадағалау мазмұны мен құрамдас бөліктерін қарастыра келіп, келесідей тұжырым шығарған жөн болар.

1. Ішкі істер органдарының мемлекеттік қадағалауы – бұл ерекше жүйелік сипаты бар қызмет, яғни құқықтық қалыптасу, бақылау, алу, қадағалау жүргізіліп отырған объект туралы ақпараттарды тіркеу мен талдау, тапсырылған қызмет аясында шектен шығушылықтар, яғни құқық бұзушылықтар болғанын немесе болмағанын анықтау, олардың қызметінің мақсаттылығын түсіндіру, әкімшілік мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда анықталған бұзушылықтарды жою туралы биліктік талаптар қою, қызметтік және әкімшілік жауапкершілікке тарту, сонымен қатар бұзылған құқықты қалпына келтіруді жүзеге асырады.

Қадағалаудың ерекше белгілеріне төмендегілер жатқызылады:

- жағдайға құқықтық баға беру, орындау фактісін анықтау;
- объектінің шаруашылық және басқарушылық қызметін мақсаттылық тұрғысынан жан-жақты зерттеу;
- әкімшілік және қызметтік сипаттағы және басқа да мәжбүрлеу шараларын кеңінен қолдану мүмкіндігі;
- қадағалау органының ұйымдасқан қарамағындағы және қарамағына жатпайтын объектілерге қатысты қолдану;
- қадағалау қорытындысы бойынша қызметтік жауапкершілікке тарту шарасы қолданылуы мүмкін.

2. Әкімшілік қадағалау ұйымдастырушылық-құқықтық тәсілі ретінде атқарушылық құзыретті жүзеге асырып, Қазақстан Республикасының тұрақты заңы мен жүйелік бақылау жүргізуді орындауды қадағалау объектісін нормативтік-құқықтық және техникалық-заңдылық нормаларды құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында және бұзылған құқықты қайта қалпына келтіру, кінәлі субъектілерге заңды жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету, құқық бұзушылыққа мүмкіндік туғызған жағдай мен себепті зерттейді.

Әкімшілік қадағалау туралы ғылыми әдебиеттерде айтылған тұжырымдар ерекше белгілерге ие екендігі туралы қорытындыға келеміз. Зерттеушілер олардың ішінен төмендегілерді бөліп көрсетеді:

- қадағалаудағы объектілердің және қадағалау субъектілерінің ұйымдасқан бағыныштылығының тең болмауы;
- қадағалаушылық объектілерінің қызметін бағалау мүмкіншілігі заңдылық тұрғысында және тар шеңберде, арнайы сұрақтар шегінде болуы;
- қадағалау объектісінің жедел-шаруашылық қызметіне араласу мүмкін еместігі;
- қадағалау қызметінде арнайы объектінің болуы белгілі бір ережелер, заңды және техникалық нормалар, талаптар, стандарттар қадағалау объектісі ретінде танылуы;
- әкімшілік қадағалау органдарын ерекше биліктік қадағалау құзыретімен қамтасыз етіп, осы органдар туралы ережелерде олардың өкілеттіктерін құрайтын бөліктерді бекітуі;
- өкілетті органдардың қадағалау құзыретін, әдеттегідей қоғамдық қарым-қатынастың аз ғана аясында жүзеге асырылуы (жол жүру қауіпсіздігі, санитарлық-эпидемиологиялық жағдай, өрт қауіпсіздігі және т.б.);
- қадағалау қызметінің әдістері мен құралдарының жеткіліксіз болуы;
- әкімшілік қадағалау жалпы (анықталмаған тұлғаларға қатысты) және арнайы (нақта тұлғаларға қатысты) сипатта жүргізіледі. Арнайы қадағалаудың объектісі арнайы тұлғалардың деңгейіне қатысты мемлекетпен бекітілген, нақты ережелер мен талаптарды сақтауға байланысты қоғамдық қатынастар болып табылады. Ішкі істер органдарының бас бостандығынан айыру

мекемесінен босатылған тұлғаларға қадағалау жүргізу қызметі арнайы сипатқа ие, ол мәжбүрлеу шарасына қатысы жоқ және де ол қадағаланушы тұлғалардың қоғамдық ортаға үйрену және оларға еңбектік және тұрмыстық қалыптасуына көмек беруі. Бұл бас бостандығынан айыру мекемесінен босатылған тұлғаларға қатысты ішкі істер органдарының шаралары «әкімшілік қадағалау» түсінігін қамтуы керек екендігін растайды. Оның негізінде шартты түрде босатылған немесе шартты түрде босатылған құқық бұзушыларға қадағалау туралы Европалық конвенция ережелері жатыр. Конвенцияның 1-бабында құқық бұзушылардың әлеуметтік өмірге бейімделуі мен құқықтық мінез-құлқына ықпал ету, сонымен қатар олардың мінез-құлқына бақылау жүргізу жөнінде айтылған.

3. Қадағалау мен бақылау қызметінің сапасын көтеру мақсатында, тіркеу жүйесін жетілдіріп, түрлі құқық бұзушылықтар туралы барлық құқық қорғау органдарынан және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға өкілетті өзгеде органдардан алынған ақпараттардың барлығын бір мәлімет базасына жинау қажет.

1. Горшенев В.М. Способы и организационные формы правового регулирования в социалистическом обществе. – М., 1972.
2. Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. В 4 т. – М.: Тера, 1995. – Т. 2.
3. Студеникина М.С. Государственный контроль в сфере управления. – М., 1974.
4. Соловей Ю.П. Правовое регулирование деятельности милиции в РФ. – Омск, 1993.
5. Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Қазақстан Республикасының құқық негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2003.
6. Баянов Е. Әкімшілік құқық. – Алматы, 2007.
7. Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері. – Алматы, 2003.
8. Сейдешұлы Бекіш Әкімшілік құқық пәні бойынша дәрістер. – Алматы, 2004.
9. Кайыржанов Е.И. Правовое развитие Казахстана за десять лет государственной независимости (Материалы международной научно-практической конференции). Часть 1. – Алматы, 2001.

Статья посвящена актуальным проблемам административного права. Автором рассмотрены проблемные аспекты теории и практики применения норм административного законодательства при осуществлении административного надзора и контроля.

The article is dedicated to actual problems of administrative law. Author are considered problem aspects to theories and practical persons of the using the administrative legislation at implementation of administrative supervision and control.

Т.Ж. Беснай

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 1993 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНДАҒЫ СОТ ЖҮЙЕСІ

Еліміздегі күрделі мәселелерінің бірі сот құрылысы, сотта іс жүргізу, егеменді Қазақстан мемлекетіндегі әділ сот ісінің даму принциптерінің ғылыми құқықтық, теориялық-тәжірибелік өзекті мәселелері мен мән-мағынасын зерттеу болып табылады.

Қазақстан Республикасында тұңғыш рет сот билігі мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде танылып, ол басқа мемлекеттік биліктермен бірдей жарияланды. Сол себепті осы мақалада сот билігін, сот әділдігін жақтаушы, әлеуметтік шиеленісті реттейтін адамдардың құқықтары мен бостандықтарын және олардың заңды мүдделерін қорғайтын орган есебіне қарай отырып, бұл органның құрылымына және судьялардың мәртебесіне тоқталдым.

Қазақстан Республикасы өз егемендігін алғаннан кейін өзін демократиялық және құқықтық мемлекет құру барысында деп көрсетті. Міне, бұдан кейін алғашқы 1993 жылғы 23 қаңтардағы Конституцияда сот билігінің ең алғашқы негізгі құрылымы Конституциялық соттан, Жоғарғы Соттан, Жоғарғы Төрелік соттан және заң бойынша құрылған төменгі соттардан тұратындығы дәлелделді.

Сот-құқықтық реформасының кезеңдері республикадағы 1993 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы сот билігінің қалыптасуына шынайы жол ашты деп айта аламыз. Республикадағы сот билігі Конституциялық сотқа, төрелік сотқа және Жоғарғы Сотқа бөлініп заңмен ресми түрде бекітілді. Сол себепті сот билігінің қалыптасуының бірінші кезеңі 1993-1994 жылдар аралығын қамтиды. Бұл аралық шынайы, тәуелсіз, дербес сот билігін республика қалыптасуының алғашқы іргетасының қалануымен ерекшеленеді.

Сот-құқықтық реформасының екінші кезеңінде Конституциялық Сотты толығымен таратып және Төрелік Сотты шаруашылық алқа негізінде Жоғарғы Сотқа кіргізіп, бір жүйеге келтірген сот билігі құрылды, сонымен қатар судьяларды аттестациядан өткізіп, өз лауазымына лайықты екендігін толығымен мемлекетіміз дәлелдеп берді. Ал үшінші кезеңі 2000 жылдан басталды деп айтуға болады. Бұл кезеңді қоғамымыздың сот-құқықтық реформалардың демократиялық жеңісінің алғашқы қадамдары деп айта аламыз.